

**"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 299 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 289 қаулысы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 299 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулыға 1, 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Сақтағанов

"Келісілді"

Шығыс Қазақстан облысы  
экономика және бюджеттік жоспарлау  
басқармасының басшысы

Н. Маратов

2025 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2025 жылғы "19" қарашадағы  
№ 289 қаулысына  
1-қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы "21" желтоқсандағы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

| Аймақтың атауы      | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері |                      |   |   |                                    |  |  |        |  |
|---------------------|---|----------------------|---|---|------------------------------------|--|--|--------|--|
|                     | Елді мекен                                      | Тәрбиеленушілер саны | Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) |   |                                    |  |  |        | Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топтар |
|                     |   |                      | 10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар  | 9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар | Жарты күн болатын шағын орталықтар | Жалпы білім беретін мектептер жанындағы мектепалды даярлық сыныптары | 10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары |        |  |
| Өскемен қаласы      | қала  | 15 602               | 58 439  | -   | -                                  | -  | 105 232                                      | 87 504 |  |
| Риддер қаласы       | қала  | 2 050                | 58 439  | -   | 25 781                             | 25 781   | 105 232                                      | 87 504 |  |
| Алтай ауданы        | қала  | 1 478                | 58 235  | -   | -                                  | -  | 104 806                                      | -      |  |
|                     | ауыл  | 355                  | 64 602  | -   | 28 520                             | 28 520   | -  | -      |  |
| Глубокое ауданы     | ауыл  | 1 445                | 64 807  | 59 450  | 28 611                             | 28 611   | -  | -      |  |
| Зайсан ауданы       | қала  | 1 211                | 58 235  | 53 608  | 25 690                             | 25 690   | 104 806                                      | -      |  |
|                     | ауыл  | 704                  | 64 602  | 59 268  | 28 520                             | 28 520   | -  | -      |  |
| Катонқарағай ауданы | ауыл  | 353                  | 62 695  | 51 912  | 27 714                             | 27 714   | 114 097                                      | -      |  |
| Күршім ауданы       | ауыл  | 560                  | 62 695  | 51 912  | 27 714                             | 27 714   | -  | -      |  |
| Марқакөл ауданы     | ауыл  | 403                  | 62 695  | 51 912  | 27 714                             | 27 714   | 114 097                                      | -      |  |
| Самар ауданы        | ауыл  | 444                  | 64 602  | 59 268  | 28 520                             | 28 520   | -  | -      |  |
| Тарбағатай ауданы   | ауыл  | 1 209                | 64 602  | 59 268  | 28 520                             | 28 520   | -  | -      |  |
| Ұлан ауданы         | ауыл  | 1 345                | 64 807  | -   | 28 611                             | 28 611   | -  | -      |  |

|                    |       |     |        |        |        |        |         |        |
|--------------------|-------|-----|--------|--------|--------|--------|---------|--------|
| Үлкен Нарын ауданы | ауылы | 458 | 62 695 | 51 912 | 27 714 | 27 714 | 114 097 | -      |
| Шемонаиха ауданы   | қала  | 718 | 58 439 | -      | -      | -      | -       | -      |
|                    | ауыл  | 579 | 64 807 | -      | -      | -      | 118 498 | 98 117 |

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2025 жылғы "19" қарашадағы  
№ 289 қаулысына  
2-қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы "21" желтоқсандағы  
№ 299 қаулысына  
2-қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| Аймақтың атауы                 | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) |  |   |
|--------------------------------|--|--|---|
|                                | Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері        |  |   |
|                                | Тәрбиеленушілер саны                       | Балабақша / бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) |
| Өскемен қаласы                 | 15 602                                     | 18 500/ 23 500   | 18 500/ 23 500  |
| Риддер қаласы                  | 2 050                                      | 19 800/ 22 500   | 12 500/ 14 500  |
| Алтай ауданы (қала)            | 1 478                                      | 20 000/23 400  | 20 000/23 400   |
| Алтай ауданы (ауылдық жер)     | 354  | 20 000/23 400  | 20 000/23 400   |
| Глубокое ауданы                | 1 445                                      | 18 600/ 23 000   | 18 600/ 23 000  |
| Зайсан ауданы (қала)           | 1 211                                      | 15 000/ 18 000   | 15 000/18 000   |
| Зайсан ауданы (ауылдық жер)    | 704  | 13 500/ 14 500   | 13 500/ 14 500  |
| Катонқарағай ауданы            | 353  | 15 500/ 18 840   | 10 333/ 12 560  |
| Күршім ауданы                  | 560  | 19 800/19 800  | 10 000/10 000   |
| Марқакөл ауданы                | 403  | 19 800/19 800  | 10 000/10 000   |
| Самар ауданы                   | 444  | 17 500/ 17 500   | 14 000/ 14 500  |
| Тарбағатай ауданы              | 1 209                                      | 17 000/ 21 000   | 12 000/ 16 000  |
| Ұлан ауданы                    | 1 345                                      | 19 000/ 20 000   | 12 000/ 13 000  |
| Үлкен Нарын ауданы             | 458  | 15 500/ 18 840   | 10 333/ 12560   |
| Шемонаиха ауданы (қала)        | 718  | 17 000/21 000  | -   |
| Шемонаиха ауданы (ауылдық жер) | 579  | 17 000/21 000  | 20 000/20 000   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК